



№ 51 (5186) бейсенбі

16 желтоқсан 2010 жыл

Газет 1963 жылдан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті

### Құрметті аудан тұрғындары!

16 желтоқсанда біздер басты ұлттық мереке – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін атап өтеміз.

Бұл мереке біздің еліміздің және оның халқының ұзақ жылғы арманы. Сондықтан ол баршаңыз үшін ерекше.

Осыдан он тоғыз жыл бұрын қандай қиындықтарды бастан өткізіп, әсіресе экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешу керектігі туралы ешкім білген жоқ еді. Осы шешуші кезеңде ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ішкі даму және сыртқы саясат мәселелерін шешуде дұрыс жол тапты.

Саяси тұрақтылық, ұлтаралық және дінаралық келісім, халықтың әл-ауқатының артуы, болашаққа деген сенім – міне осының барлығы Тәуелсіздік жылдарындағы қазақстандықтардың қызметінің нәтижесі.

**Еуроатлантика және еуразия аумағындағы жалпыға ортақ бөлінбейтін және ұжымдық қауіпсіздікке арналған маңызды мәселелерді талқылау үшін Астанада 1-2 желтоқсанда Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым Саммиті өтті.** Қазақстан – бұрынғы КСРО республикаларының ішінен ЕҚЫҰ торағалығы лауазымын иеленген тұңғыш ел. Астанада ЕҚЫҰ Саммитінің отуі – бұл: Қазақстанның халықаралық беделі мен Мемлекет басшысының бейбітшілікті нығайту жолындағы ерен еңбегін мойындау; Қазақстанның халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалау, республиканың тәуелсіздік жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жетістіктерінің нәтижесі мен танылуы;

Қазақстан халықаралық танымалдығын арттыру, оның жетістіктерін, экономикалық әлеуеті мен мәдени ерекшелігін паш ету; елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге, тәуелсіздікті нығайтуға қосқан үлесі; Қазақстандық экономикаға инвестицияларды молайтудың, Орталық Азия өңіріндегі мәселелерді шешуге әлемдік қауымдастықтың назарын аударуға мүмкіндік

#### Құрметті жерлестер!

Сіздерді ұлы мерекеміз – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Сіздерге зор денсаулық, бақыт пен байлық, біздің халқымыздың және мемлекетіміздің игілігіне одан әрі де табысты еңбек ете берудіңізге тілектеспіз!

Біздің Отанымыз – тәуелсіз Қазақстан одан әрі нығайып, дами берсін!

Серік Шайдаров  
Нұра ауданының әкімі

Еділ Тұранов,  
аудандық мәслихаттың хатшысы

### Қоныс құтты болсын!

Еліміздің ең басты мерекесі - Тәуелсіздік күніне Нұра ауданы тамаша тартулармен келді. Соның бірі - ел еңсесін көтерер елеулі оқиға – аудан орталығында 18 пәтерлі екі қабатты тұрғын үй пайдалануға берілді.

Тұрғын үй мәселесіне Елбасы үнемі назар аударуда. 2005 жылғы Жолдауында «Ендігі бір өзекті міндет – тұрғын үй проблемасын жеделдете шешу. Баспана болмайынша, түтін түтетіп, бала өсіру қиын. Тұрғын үй құрылысы – біздің экономикамызды алға сүйреуші қуатты күш», деп белгілесе, 2009 жылдағы Жолдауында «Тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту барлық дәрежедегі әкімдердің бірінші кезектегі міндеті болып қалуы тиіс», - дей келе біздің азаматтарымыз үшін, әсіресе, жас отбасылар үшін тұрғын үйдің қол жетімділігі мен сапалылығы – мемлекеттің барынша өмірлік маңызы бар басымдықтардың бірі болып келеді және алдағы уақытта да солай қала бермек» және «Жалға берілген тұрғын үй құрылысына, оның ішінде мемлекеттік қызметкерлер мен мен бюджеттік сала еңбеккерлері үшін салынатын үйлерге екпін түсірген жөн.» деген болатын.

Осыған байланысты биылғы жылы Нұра ауданының орталығы Киевка кентінде де бюджеттік сала мамандары үшін жаңа, экологиялық талаптарға сай материалдардан 18 пәтерлі тұрғын үй құрылысы аяқталды. Мұндай ауқымды іс-шара Елбасы жолдауын орындау мақсатында облыстық және жергілікті атқарушы билік тарапынан іске асып жатқаны Нұра халқын қуанышқа бөледі. Бұлай дейтін себебіміз соңғы үш жылда аудан орталығында жаңадан 6 екі пәтерлі тұрғын үйлер салынып, пайдалануға берілді. Осы жылдың қыркүйек айында гана көпбалалы, мұқтаж екі отбасы жаңадан салынған екі пәтерлі тұрғын үйден баспаналы болып, қуанышқа бөленгендеріне куәгер болған едік.

Ал мына тұрғын үй бірнеше жылдан бері қаңырап бос тұрған, пәтер иелері олардың еден, терезелерін бұзып әкетіп қаңқасы ғана қалған, сондай нұсқанымен кенттің сұрқын алып тұрған еді. Жергілікті атқарушы билік органдары бұл үйді заңдастыру үшін, оны коммуналдық меншікке алу үшін қыруар жұмыстар атқарды.

Аудандағы жағдайды, жас мамандардың баспанаға зәрулігін түсінген облыс басшыларының жанашырлық пен қамқорлық танытуының арқасында қажетті қаражат бөлінді. Екі қабат 18 пәтерлік тұрғын үйдің жалпы көлемі 927 шаршы метр, онда 8 үш бөлмелік және 10 екі бөлмелік пәтерлер бар. Заманауи құрылыс материалдарымен салынған бұл пәтерлер ең алдымен «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен әлеуметтік салаға жұмысқа келген жастарға, атап айтсақ балалар дәрігері Владимир Омельченко, Өнер Академиясының түлектері, мәдениет қызметкерлері Мекежанова Мақпал мен Ишанқұлов Берікке, жас отбасы Ташмағамбетов Берікке және бірнеше пәтер қызметтік пәтерлер ретінде пайдалануға берілді.

Көше бойында сән түзеген екі қабатты үй көздің жауын алған-



дай. Барлық құрылыс жұмыстары сапалы атқарылған, ішінде жылыту жүйесі, жарық, су бәрі орнатылып үлгеріпті. Тәуелсіздік күніне тарту ретінде пәтер кілттерін табыс етіп, тұрғындарды осы айтулы оқиғамен құттықтаған аудан әкімі Серік Шайдаров тұрғын үй құрылысының алдағы кезеңде де қарқынды төмендемей, өз жалғасын табатындығын тілге тиек ете келе;

-Елбасымыздың атқарушы билік алдына қойып отырған өзекті мәселелердің бірі халықты қол жетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету болса, осы тапсырманы орындау мақсатында біз бүгін мына зәулім үйді тапсырғалы тұрмыз. Қашан да жас мамандарды ауданға тарту, оларға жағдай жасау жергілікті атқарушы биліктің алдындағы аса зор міндет. Сондықтан да мына пәтерлерді бюджеттік салаға «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша келген жастарға беруді шештік. Қоныстарыңыз құтты болсын! - деді ағынан жарыла.

Тәуелсіздік құрдасы Айнұр Алтынбекова алқызыл лентаны қиғаннан кейін аудан басшысы жұртпен бірге ішке кіріп, пәтерлерді аралады. Пәтерлердің бәрі де заман талабына сай үлгіде салынған. Ең бастысы жуынатын жер, дәретхана пәтердің ішінде, су сарқырап ағып тұр. Қаладағы пәтерлерден еш айырмашылығы жоқ. Үй автономды қазандық арқылы жылытылады. Жылу беріліп жатыр. Біз жаңа пәтер иелерін сөзге тарттық.

**Владимир Омельченко жас маман, балалар дәрігері:**  
- Өзім Қарағанды медицина академиясының түлегімін. Аудан басшыларының шақыруымен келдім. Бір жолғы жәрдемақымды алдым. Енді міне, жаңа пәтерге ие болып, қуаныш үстіндемін. Жалпы өкіметтің жас мамандарға жасап жатқан қамқорлығы жеткілікті. Енді біз де өз тарапымыздан елімізге адал қызмет етіп, осы жасаған қамқорлықты ақтаймыз. Арман еткен баспанаға қолым жетіп қуанышым қойныма сыймай тұр. Аудан басшыларына деген алғысым шексіз.

Баспанаға зар болып, кезегін күткелі бес алты жылдың мұңдары болған, жас отбасы, Киевка №1 орта мектебінің мұғалімі,

**Ташмағамбетов Берік** келіншегі Гүлден мен кішкентай бөбегі Тоғжанды жетектей, иеленген пәтерлеріне асыға енуде. Өлі де баспаналы болғанына сенбей тұрғандай:

- Біз пәтер жалдап тұрған болатынбыз. Пәтер алуға кезекте тұрғанбыз. Бүгін осындай тамаша баспанаға ие болғанымызға өте қуаныштымыз. Әрине, кейінгі жылдары атқарушы биліктің арқасында ауданда тұрғын үй мәселесі қарқынды шешілуде. «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демекші, осындай игі істердің ұйытқысы болып отырған аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровқа зор алғысымды білдіремін, - деді қуаныштан жүзі жайнап.

Сөйтіп, бір күнде он сегіз отбасы жаңа пәтерлерге ие болып қонысмайларын тойлады.

Ауылдықтардың өтінішін жерге тастамай, қамқорлық жасағаны үшін нұралықтар облыс басшысы Серік Ахметовқа шынайы алғыстарын жаудыруда. Өлемді шарпып тұрған дағдарысқа қарамай ел еңсесін көтеріп, егемен еліміздің жарқын болашағын тағы да бір рет дәлелдеп бергендей болған бұл шараға қатысқан дүйім жұрт бастары бақыттан айналған жаңа қоныс иелерімен бірге олардың қуаныштарын бөлісті.

Бикен АХМЕТОВА

### Қадірлі Жарылғасын Бикенұлы! Құрметті Қанат Жариясұлы!

Сіздерді еліміздің ең басты мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталуларыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл - Сіздердің ел үшін жасап жүрген еңбектеріңіздің әділ бағасы. Нұра ауданының Құрметті азаматы, «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» Жарылғасын Бикенов пен халқын еңбекке жұмылдырып, ауылын жарлы ету үшін аянбай тер төгіп еңбек етіп жүрген аудандық Мәслихат депутаты, «Отқанжар» ЖШС-нің директоры Қанат Жариясұлы Отарбаевтың осындай жоғары марапатқа ие болулары біз үшін үлкен қуаныш, өрр мақтаныш.

Мен Сіздерді Нұра жұртшылығы атынан осы наградаларыңызбен шын жүректен құттықтап, Сіздердің отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Аса құрметпен,

Нұра ауданының әкімі С.ШАЙДАРОВ

#### Құрметті жерлестер!

Сіздерді ұлы мерекеміз – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздерге зор денсаулық, бақыт пен байлық, біздің халқымыздың және мемлекетіміздің игілігіне одан әрі де табысты еңбек ете берудіңізге тілектеспіз. Ұлтымыздың рухы биік болып, тәуелсіздігіміз одан әрі нығайып, дами берсін!

Тәуелсіздік күні баршаңызға құтты болсын!

Д.ҚҰСАЙЫНОВ,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

### Тәуелсіздікке тарту

#### Құрметті жерлестер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықаймын!

Баршанызға зор денсаулық және әлемдегі барлық жақсылық пен кеңбайтақ Отанымыздың гүлденуі жолындағы еңбегіңіздерге табыстар тілеймін. Тамаша жерімізде әрдайым бейбітшілік, достық және халықтар арасындағы түсіністік бола берсін!

Ізгі ниетпен  
**Бейсембай ЖҰМАБЕКОВ,**  
Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы

### РЕШЕНИЕ

председателя тридцать второй сессии Нуринаского районного маслихата пос.Киевка №32 14.12.2010г.

О созыве очередной тридцать второй сессии Нуринаского районного маслихата

**Созвать тридцать вторую очередную сессию Нуринаского районного маслихата 22 декабря 2010 года в 11 часов в актовом зале районного акимата.**

**Председатель тридцать второй сессии районного маслихата С.Курманов**

### СООБЩЕНИЕ

На рассмотрении очередной XXXII сессии районного маслихата 22 декабря 2010 года вносятся следующие вопросы:

1. Об утверждении программы развития Нуринаского района на 2011-2015 годы
2. О районном бюджете на 2011-2013 годы
3. Отчет акима Нуринаского района о выполнении возложенных на него функций и задач
4. Разное

**Секретарь районного маслихата Е.Туранов**

# Тәуелсіздік - сан қасырлық арман, қол жеткізілген ақиқат

## Сауалдар

### Тәуелсіздік бізге не берді?

**Сейітжаппар Нығметов,**  
«Қайнар» ЖШС-нің директоры,  
Құрмет орденінің иегері

**Қорабай Досжанов, еңбек ардагері, Еңбек Қызыл Ту, Даңқ ордендерінің иегері**

Ұзақ жылдар бойы ауыл шаруашылығында еңбек етіп, қызмет атқарып келе жатқан кісімін. Нарықтық заман келді. Әркім өз қолынан келетін жұмыстарды атқаруға кірісті. Сонымен біз 1998 жылы «Қайнар» деп аталатын ЖШС құрдық. Әп дегеннен ақ жұмысымыз жап-жақсы жүріп кетті. Бүгінде Щербаковское ауылдық округінің көлемінде егіншілік пен мал шаруашылығымен айналысамыз. Материалдық-техникалық базамыз ұдайы жақсара түсуде. Жыл сайын егістік көлемін ұлғайтып өтіру жағына күш салудамыз. Өйткені қасиетті қара жер – тұнып тұрған байлықтың көзі. Өткен жылы 27 мың гектар жерге егін салсақ, биыл да осы көлемді азайтқанымыз жоқ. Төккен теріміз ақталуда.

Былайғы жұрттар қадірін білем, білмей ме, мына біздер – ардагерлер үшін тәуелсіздіктің құны аса қымбат. Кеңес үкіметінен кемдік көрдім десем, адамдыққа да, адалдыққа да жатпас еді. Балалық шағым ауыр болды. Соғыс кезіндегі қиындық балдай тәтті балалығымызды ұрлады. Жетілдірген Кеңес үкіметі білім алуымызға жағдай жасады. Ақмола ауылшаруашылық институтын оқыдым. Ауданның бірнеше шаруашылығын басқардым, одан соң партия, кеңес органдарында қызмет еттім. Зейнеткерлікке Кертінді ауылы әкімі қызметінен шықтым. Айтайын дегенім, жұмыс ауыр, тәртіп қатаң болатын. Қабілетті адамдар партиялық жазадан қорқып, қосымша ештеңемен айналыса алмай, тұрмыс жағдайын түзей алмай кетті. Қазіргі жоқ дейтіндерді түсінбеймін. Жалқаулар ғана маған бере бер дейді. Тәуелсіздік бодандықтан ғана құтқарып қойған жоқ, іскер адамдарға кең өріс ашты. Азат елдің баласы құл болуға қақысы жоқ. Әркімге телмеңдеген жастар осыны түсінсе екен деймін. Тәуелсіздігіміз құтты болсын!

қимындай алмайтын бейшара жан-ның кейін кешкені анық. Бодандық деген осы да. Тәуелсіздік бізге өз Ата Заңымызды берді. Соған сәйкес дербес тәуелсіз еркін елдің Елтаңбасы, Әнұраны өмірге келді.

Біз о бастан-ақ ұлан далада емін-еркін жорытқан көк бөрінің ұрпағы емес пе едік? Осыдан тұп-тура он үш жыл бұрын біз аяқ-қолымызға түскен бұғауды сыпырып тастап, сол бұрынғы күйімізге оралғандаймыз. Экономикалық және саяси дербестік өз қазынамыз бен қазба байлығымызды өзіміз игеруге жол ашты. Бұл өз кезегінде Ұлттық Банк жүйесі мен елдің өзіндік қаржы капиталын өмірге әкелді. Бюджеттік қаржыландыру мәселелерінде ешкімге жалтақтамай, барымыз бен жоғымызды өзіміз түгендей бастадық.

Қоғамдық өміріміздің қай саласы ақсап, тамыр тарта алмай жатыр? Оның кем-кетіктерін де жамап-жасқай алатын күйге жеттік. Егемен елге қажетті алғышарттар аз емес. Оның бәрін саусақпен санап тауыса алмайсың. Соның бірі – ішкі тәртіп. Мемлекетіміз құқық қорғау органдарының қызметін реформалау, ізгілендіру бағытын ұстанып отыр. Бұл бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білгенде ғана жеміс бермек.

Ішкі істер қызметінің тармақтары сан салалы. Соның бірі халықпен тікелей қоян-қолтық жұмыс істеп жүрген істеп жүрген – учаскелік инспекторлар. Соңғы жылдарда олардың мәртебесін өсіру мен қызметтік міндеттерін белгілеуге іргелі шаралар алынды. Біз бұл қамқорлыққа тек нәтижелі іспен жауап қайтаруға тиіспіз.

Қысқасы, тәуелсіздіктің бізге бергені көл-көсір. Сол тәуелсіздікті нығайту үшін біз, республика азаматтары не бере алдық? Оған недей үлес қоса алдық? Бұл сауалдар қай-қайсымыздың да үнемі назарымызда болғанын жөн көремін.

**Талғат Ғабдоллаев,**  
полиция майоры, ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары

Ең алдымен бергені - өзін-өзі билеу, басқару құқы. Бұрын Кеңес одағы құрамында Қазақстан бейнелеп айтқанда: тамағы тоқ болғанмен, аяқ-қолы шырмаулы, бас бостандығы, еркіндігі жоқ, өздігінен

### Желбірей бер, еліміздің көк туы!

Арайлап атқан таңы бар, асу бермес асқаралы елі бар, басын даяр, жазыраны мекендеген мейірбан халқы бар ел. Қазақстан. Қазақстан Алатаудан Арқаға, Атыраудан Алтайға дейін созылып жатқан ұлан байтақ, кең өлке, тарихы терең, саат-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі, діні қалыптасқан ел.

Қазақстан сондай-ақ төскейде әні мен күйі шапқыған, ыры мен жыры толыққан ғажайып сұлу сахара. Қазақ халқы тәңірдің берген несібесімен тәуелсіздіктің ақ таңын қарсы алды. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі, шын мәнінде, қазақтың ұлт Тәуелсіздігі үшін ең соңғы күресі еді. Бізге Тәуелсіздік аспаннан салбырап түскен жоқ. Көптеген жастар жанын қиып алды. Қанды Желтоқсан көтерілісі – оның соңғы айғағы. Ербол мен Қайрат, Сәбира мен Ләззәт қазақтың қайтпас қайсарлығын танытып, Алаштың рухын асқақтатты.

«Ақтабан шұбырындыны» еске алсақ денең түршігеді. Осындай тарихи оқиға халықтың есінде мәңгі сақталған. Атақты биелеріміздің ұйытқы болуымен Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай, Жәнібек, Райымбектер қорған болған қазақ халқы Абылайдың ақ туының астында күш біріктіріп, осынау қырғында ел-жер үшін жандарын құрбандыққа шалды.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы тәуелсіз, еркін ел атанды. Бейбіт аспан астында көк Туымыз желбіреп тұр, ашық күн нұрымен таласа әнұранымыз қаабықтауда. Бәді өз еркіндігі өзінде. Оның бір айғағы жүрегіңді тербеген келбетімен көз тартып, күннен-күнге гүл жайнап өсіп келе жатқан Астана.

Астананың бүгінгі таңдағы келбетін көріп, кеудеңді шаттық кернейді. Теледидардан көрген бір бөлек, өз көзіңмен көріп, оның қарқында өсіп келе жатқан келбетін тамашалау бір ганибет. Жан-жағыңа қарасаң, бой көтеріп жатқан құрылыс нысандарын көресің. «Бәйтебек», «Пирамида», «Думан» ойын-сауық орталығы, цирк ғимараты – бәрі-бәрі көңіліңе қуаныш ұялатады. Астанадағыдай гүл сағат ТМД елдері бойынша жоқ екен. Міне, керемет! Ел біраігі, елге тұтқа болар ердің де көкейіндегі басты мақсат осы болса керек.

Елбасының көксегені бірілік, тыныштық, елдің тұтастығы. Халқын, киіз туырлықты қазақты ғасырлар бойы сөксеген арманына қайтсем жеткіземін деп жүргенін ел көріп, біліп отыр. Елбасы неңдей іс атқарса да уақыт тынысын тап басып, салиқалы саясат ұстанып келеді. Қай сте де елге иек артты, ақсақалдың ақылына, жастың жанына сүйенеді, сертінде тұрады. «Соқтықпалы соқпақсыз» сергелдең шақтан елді аман алып шықты. Елбасымыздың тереңнен ойлап барып, жүйелі құрылған жоспарлы саясатының арқасында бір кездері «бодан» итанған ел енді, міне, Азия алыптарының қатарынан орын алуға ұмтылып отыр. Қазақ елінің жайнап өсіп келе жатқанына қуана тұрып, тіл-көзден сақтасын, деп қайта, қайталай бергің келеді...

Ал, Тәуелсіздік бізге не берді дегенге келер болсақ, үзіліп қалған аатын шынжырдай жеті қат жер астына кеткен тарихымызды қайта жаағады. Оның айқын белгісі – тарихи мұрағаттар, тасқа қашалып жазылған бабалар шежіресі, Алтын адам, үйірінен аңсып қалып, қайта табылған жылқыдай еліне оралып жатқан қандас бауырлар. Сондай-ақ, Азияның түп кіндігінде ай сайын өркендеп, көркімен көз тартып, тамашасымен таңғалдырып келе жатқан Қазақстанның елордасы Астана. Міне, бұлардың барлығы Тәуелсіздігіміздің айшықта белгілері. Асты мен үсті ең байлыққа толы қазақ даасына Алланың нұры төгіліп, шөлейттен мұнай атқылап, жазықтан газ лаулады. Бұлар да кешегі ата-бабалардың бүгінгі біздің тағдырымыз үшін күресіп, жан аясып, жан берісіп қорған қалдырып кеткен еншісі. Кең байтақ елдің иесі – қазақтың Тәуелсіздігі арқасында қол жеткізген игілікті стері.

«Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» дегендей, Елбасы мен мемлекетті басқарған зиялы азаматтардың салиқалы да салмақты жүргізген саясатының нәтижесінде Тәуелсіз Қазақстан төрткүл дүниеге таныла бастады. Қазақстан халқы сиырдың бүйрегіндегі көп құрамды болса да, ынтымақ алды – бірлік, бірлік түбі – тірілік екендігін анық түсініп, тату-татті ғұмыр кешуде. XXI ғасырға өз кемесін Тәуелсіз мемлекет ретінде бағыттаған Қазақстанның алаар асуы да, шығар шыңы да биік болары күмәнсіз.

## РИЗАЛЫҚ

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Изенді ауылында үлкен қуаныш болды. Ол - 16 жыл бойы қаңырап бос тұрған Мәдениет үйі іске қосылды. Бұл кетістікке біз аудан әкімі С.Шайдаровтың жанашырлығы мен қамқорлығы арқасында қол жеткіздік. Аудан әкімінің тұрғындар алдында есеп беру кездесуінде ауылдықтардың көтерген бірден бір мәселесі осы Мәдениет үйінің жағдайы болатын. Аудан басшысы біздің өтінішімізді аяқ асты қылмай, бұл ғимаратты құрделі жөндеуден өткізуді «Жол картасы» бағдарламасына енгізіп, тиісті қаражат бөлуінің нәтижесінде бүгін біз зәулім де еңселі Мәдениет үйін ашып отырмыз. Ауылдастарым аудан әкімі Серік Жаманқұлұлына зор алғыстарын, үлкендер болса баталарын төгуде. «Әкім бол, халқыңа жақын бол» деген осы емес пе! Оның үстіне осы жаңарған Мәдениет үйінің ашылу салтанатына аудандық мәдениет ұжымы сахнада Ғабит Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш Баян Сұлу» спектаклін қойып, бізді классикалық өнер әлеміне енгізіп, сусындатты. Спектакльді көріп отырып біз өзімізді бір үлкен театрда отырғандай, ал алдымызда нағыз актерлер ойнап жатқандай сезіндік. Спектакльге қатысқан барша өнерпаздарға шығармашылық табыс тілеп, алдағы уақытта мақсаттарына жетіп, халық театры атағын жеңіп алуларына тілектеспіз.

Зүлкия Қабденова, Изенді ауылынан

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Ықсан Балтабайұлы!

Сізді келе жатқан Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге вор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақ-дәулет, береке-бірлік, отбасыңызға шаттық, жемісті еңбек тілей отырып, көп жылдар бойы мектебімізге көңіл бөліп, көмек көрсетіп отырғаныңызға алғыс айтамыз.

Аса құрметпен,  
Пржевальское орта мектебінің ұжымы.

## НОВОСЕЛЬЕ НАКАНУНЕ ГЛАВНОГО ПРАЗДНИКА

15 декабря в канун празднования Дня Независимости Республики Казахстан для молодых специалистов, прибывших для работы в районный центр по государственному проекту «С дипломом – в село», свершилось долгожданное и радостное событие – состоялось торжественное открытие 18-квартирного жилого дома в поселке Киевка. Трехподъездный двухэтажный дом распахнул свои двери для работников образования, здравоохранения, культуры, государственных служащих.



**Владимир Александрович Омельченко,**  
врач педиатр:  
- Окончив Киевскую среднюю школу № 3 в 2002 году, поступил на грант в Карагандинскую медицинскую академию: шесть лет учебы, год ординатуры. Работал в Степногорске. По приглашению районного руководства прибыл на работу в районное медицинское объединение. С тех пор здесь и работаю в детской консультации. Мне рассказали о привилегиях государственного проекта «С дипломом – в село», направленного на закрепление образованной молодежи на селе. Я отправился в село, потому что увидел в этом хорошие возможности для себя, перспективы. Помимо материальных преимуществ – единовременного подъемного пособия, обеспечения жильем, есть возможность набраться профессионального опыта и заниматься любимым делом – лечить детей в своем родном районе. И, конечно, для осуществления всего этого большую роль играет жилищный вопрос. Огромная благодарность акиму района Серіку Жаманқуловичу Шайдарову за качественное претворение в жизнь проводимой политики нашего Президента по поддержке молодых специалистов, прибывших с дипломом для работы в сельскую местность, с



предоставлением льгот, пособий, жилья. Данные меры социальной поддержки, созданные условия вселяют уверенность в успехе начинания, позволяют трудиться на благо своей страны, приносить пользу людям.

**Берік Жолдыбаевич Ташмағамбетов,**  
преподаватель физкультуры, кандидат в мастера спорта по борьбе казакша күресе:

- После окончания Киевской средней школы № 2, я поступил в гуманитарно-педагогический колледж в г.Астана, закончил, работал преподавателем физкультуры в школе № 55 г. Астана и тренером в Железнодорожном колледже. Затем год служил в спортроте ЦСКА в Астане. После армии по семейным обстоятельствам вернулся в Киевку, устроился преподавателем физкультуры в Киевскую среднюю школу № 1. С женой Гульден и дочерью Тогжан мы проживали в семейной квартире, и поэтому получение жилья для нас очень радостное событие. От имени молодых специалистов хочу поблагодарить местные исполнительные органы в лице акима района Серіку Жаманқуловича Шайдарова за проделанную работу по обеспечению молодых

семей жильем, за вклад в благоустройство нашего поселка, района в целом.



**Макпал Сағымбаевна Мекежанова,**  
специалист игры на кобызе:  
- Я приехала из Павлодара, закончила Академию музыки в г. Астана, сейчас она называется Университет искусств, училась на факультете народных инструментов, специальность «Кобыз». Вместе с мужем Бериком Ишанкуловым работаем в районном доме культуры. У него тоже музыкальное образование, закончил Евразийский национальный университет в г.Астана, учился на факультете народных инструментов, получил специальность «Домбра». Сам муж из села Ахметауа, и здесь мы временно проживали у родственников. Проект «С дипломом – в село» - это замечательная государственная инициатива по привлечению молодежи в село. Очень приятно, что в Нурунском районе идет качественная его реализация. Заслуга в этом акима района Серіку Жаманқуловича Шайдарова, местных органов власти. Пользуясь случаем, от имени молодых специалистов хочется сказать им огромное «спасибо» за принимаемые меры по поддержке специалистов, работающих в сельской местности, за созданные условия.

Виктория ГРИЦОВА

# Независимость - многовековая мечта, воплощенная в реальность

## ГЛАВНЫЙ ПРАЗДНИК СТРАНЫ

## РОВЕСНИЦА НЕЗАВИСИМОСТИ:

**“У нашего поколения прекрасное будущее!”**

Суверенитет - слово, которое имеет особое значение для жителей Казахстана. На сегодняшнем этапе этот принцип является основополагающим для понимания казахстанской государственности, которая пережила множество великих событий на пути своего становления.

История Казахстана охватывает четыре крупнейших события, которые олицетворяют четыре этапа борьбы за свободу и независимость. Первый этап связывают с возникновением первого Казахского государства. Многие историки сходятся на 1465 году. Именно тогда произошла откочевка ханов Жанибека и Керей. Они сумели вырваться из-под власти шейбанидов, собрать и увести племена, сплотить казахский народ.

Второй этап связан с борьбой против джунгарских завоевателей и сохранением национальной самостоятельности казахов. Это было страшное время в жизни народа, получившее название «Годы великого бедствия». Эта эпоха выдвинула на арену ярчайших личностей – Аблайхана, Кабанбай-батыра, Бөгенбай-батыра, Төле би, Казыбек би, Айтеке би. Они сумели консолидировать общество. В результате единый казахский народ нанес сокрушительные удары джунгарским захватчикам.

Третий этап восходит к началу XVIII века. Это время охарактеризовалось сложным внешнеполитическим положением. Казахское ханство тогда окружали сильнейшие империи: с запада – Российская, с востока – Циньская, с юга – среднеазиатские ханства. В 1731 году, чтобы получить мощного союзника в лице России, предводитель Младшего жуза Абулхайр обратился к русской императрице Анне Иоанновне с просьбой о подданстве и покровительстве. Полное присоединение двух других жузов к Российской империи произошло только спустя более века. Земли казахов были объявлены собственностью Российской империи, последнее обстоятельство послужило юридической основой для отчуждения их в пользу переселенцев. Не раз казахи высказывали недоверие царской власти, поднимали восстания. В истории остались имена Сырыма Датова, Кенесары, Амангелды Иманова. В начале XX века в Казахстане появилась новая формация борцов за свободу, вооруженная современными взглядами на общественно-политическое устройство государства, которые отразились в идее национального самоопределения и создания новой казахской государственности – автономии Алаш-Орда. В ее становлении большую роль сыграли яркие представители казахской интеллигенции: Алихан Букейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқай, Алимхан Ермеков, Мыржақып Дулатов.

Многие из передовых современников того времени считали, что советская власть – это верное средство для обретения независимости. Другие отвергали ее. И те и другие подверглись репрессиям со стороны действующей власти.

Четвертый этап оказался наиболее коротким по времени, а переход к новой стадии независимости менее кровопролитным во многом благодаря грамотным действиям в начале 90-х годов нашего Президента Нурсултана Назарбаева. Республика крепла, росла экономически. Нурсултан Назарбаев как человек, хорошо знающий и понимающий историю, смог осуществить идею построения многонационального суверенного государства. 16 декабря в истории нашей страны произошли два крупных события. В 1990 году Верховный Совет Казахстана XXII созыва принял Декларацию о государственном суверенитете, а через год Нурсултан Назарбаев подписал Указ о государственном суверенитете Казахстана, с этого времени он и стал независимой страной. Среди этапных вех независимости – создание институтов президентства и парламентаризма, классической системы разделения властей. Утверждение Конституции и государственных символов Республики Казахстан, становление ее Вооруженных Сил и правоохранительных органов. Введение национальной валюты. Реформирование системы социального и пенсионного обеспечения с переходом последней на накопительные, индивидуально-мотивационные принципы. Глубокая реформа экономики, сопровождавшаяся поощрением предпринимательской инициативы, приватизацией, привлечением зарубежных инвестиций, современных технологий и нового управленческого опыта. Становление и укрепление независимости происходило на основе четкого долгосрочного плана – Стратегии «Казахстан – 2030», созданной по инициативе Нурсултана Назарбаева.

В одном из своих выступлений Глава государства отмечал: «Формула независимости Казахстана – это слаженный двух равнозначных понятий – свободы и ответственности...». Только благодаря высокой ответственности казахстанцы смогли выбрать правильный стратегический путь развития, построить государство, сохранить мир и согласие. Годы самостоятельного развития стали временем подъема экономики, политического роста, дальнейшего укрепления позиций Казахстана в мировом сообществе.

16 декабря мы будем отмечать главный праздник нашей страны – День Независимости Республики Казахстан. Девятнадцать лет назад мы обрели новый статус – Независимость. За это время выросло новое поколение людей, родившихся в суверенном государстве. Евгения Соломатина – одна из представительниц этого поколения ровесников Независимости. Свой девятнадцатый день рождения Женя будет праздновать ровно через две недели после главного праздника страны:



- Когда наша республика обрела суверенитет, я и мои ровесники только родились и не могли оценить всю важность момента. Но сегодня мы достаточно повзрослели и способны понять, как велика заслуга наших родителей, подаривших нам это достояние. Поэтому нам предстоит как следует потрудиться, чтобы внести свой посильный вклад в развитие нашего общества, приумножить доброе дело.

Евгения Соломатина родилась в поселке Киевка, в этом году окончила Киевскую среднюю школу № 3. Участь в школе, Женя добилась высоких результатов не только в учебе, но и спорте. Она – призер областной предметной олимпиады биолого-географического факультета Карагандинского государственного университета имени Е.А. Букетова по биологии, неоднократная участница интеллектуальных марафонов «Ақ бота», «Русский медвежонок», «Кенгуру», победительница школьных олимпиад по казахскому языку и математике, призер районных легкоатлетических эстафет. Легкой атлетикой Женя начала заниматься с шестого класса, участвовала во всех школьных, районных, областных соревнованиях, эстафетах, также увлекалась баскетболом.

По результатам Единого национального тестирования набрала 111 баллов, показав на «отлично» знания по пяти предметам: казахскому и русскому языкам, математике, истории Казахстана и предмету по выбору – биологии. Высокие баллы без труда позволили ей поступить на биолого-географический факультет Карагандинского государственного университета имени Е.А. Букетова. Женя является обладателем государственного образовательного гранта и поступила на ту специальность, на которой всегда мечтала обучаться – «Биология». Сейчас студентка группы БО-12 готовится к сессии. За первый семестр она успешно изучила двенадцать дисциплин. Ботаника, зоология, анатомия и педагогика кажутся ей наиболее интересными. За время учебы студентки группы успели пройти и двухнедельную практику в гимназии № 1 г. Караганды, где им была предоставлена возможность наблюдать за ходом проведения уроков биологии. Кроме того, поступив в университет, Женя не забросила спорт. Недавно в составе команды из 10 человек от биолого-географического факультета она принимала участие в университетских соревнованиях по легкой атлетике, в которых ее факультет завоевал первое место. Будущие дипломированные специалисты могут трудиться преподавателями биологии в школах, специалистами в центрах здоровья, медицинскими экспертами, но Женя для себя давно решила, что ее призвание – работать в школе с детьми. Как говорит будущий педагог, миссия учителя – особая. Педагог, как и врач, лечит, исцеляет, но лечит слабости характера, исцеляет пороки души. Он, как и писатель, артист, художник, вдохновляет людей, но только реальной, повседневной жизнью. По мнению В.Сухомлинского, учитель должен быть знающим, умелым, увлеченным, настоящим «добрым волшебником» для своих воспитанников, он сам должен искать и находить разгадку все более сложных задач, разрабатывать, творить увлекательные дела, приносящие людям радость и пользу. Учитель учит быть человеком высокой культуры, причает вносить красоту в окружающую жизнь. Конечно, груз нелегкий. Но это учительская миссия, и Женя готова трудиться, ведь это ее мечта, и она смело к ней идет.

Виктория ГРИЦОВА

## Тәуелсіздік тағлымдары

деген айдармен газетіміздің тұрақты тілшісі Алма Қабылдақызының өлең топтамаларын беріп отырмыз

Иә, өмір-өзен толқындары қазақ халқын әйгілі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан уақыт өткен сайын алыстатып әкетіп бара жатса да, жүректерде мәңгілік ұмытылмайтын қасиетті де қастерлі бір белгілі нәр қалды. Ол – дүниені дүр сілкіндірген сол күндердегі қазақ жастарының ерлігіне, рухына деген тағзым, құрмет. Халқымызды езіп келген империяның тас шеңгел құлдығынан құтылуды көксеген жастардың көз жасы, қаны бекерге төгілмейті. Он екіде бір гүлі ашымай кеткен Аязат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова, Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев т.б. жастардың аңсаған арман-тілектері бұл күнде толық жүзеге асты. Қазақ елі өзінің аңсаған Тәуелсіздігін алды. Елді алға жетелеген, дамыған 50 елдің қатарына қосамын деп сенімін білдіріп, халқының мұң-мұқтажын тереңнен ойлаған Елбасымыз елімен бірге көк жүзімен астасқан қасиетті көк Туының астында бақытты өмір сүруде. Желтоқсан оқиғасы ХХ ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалыстың ұлы белесі ретінде тарихтың төрінен орын алды.

Өз ойымды Қайрат Рысқұлбековтың мына сөздерімен аяқтағым келеді. «... Арман құдың ба, алдыңа қара, артыңа алаң болма! Өмірдің өткелін іздеп таптың ба, жүрексінбе, көзді жұм да, қойып кет, белді шеш те, кешіп өт!»

### Желтоқсанға арнау

Желтоқсанды, еске алып ойланам,  
Жастар үшін естігендей толғанам.  
Сол бір күндер өте шықты зымырап,  
Тәуелсіздік туын бізге сыйлаған.  
Алматыда көтерілген қазағым,  
«Нашақор» мен «ұлтшыл» болып саналдың.  
Қайрат пенен Ербол сынды ерлердің,  
Қанаттарың темір торда қайырдың!  
Қызғалдақтар қарада тонып үзді,  
Сәбира мен Аязатын қайран елім айрылды...  
Аналардың жоқтау айтқан үніне,  
Енді кімдер болады екен тосқауыл?  
...Жезқазғанда оқып жүрген кезіміз,  
Алматының оқиғасын естіп біз.  
Қарусыз ақ, намыс ойнап кеудеде,  
Қол ұстасып, алаңға шыққан кезіміз...  
Бәрімізді жасақшылар қуғыштап,  
Көшелерден көліктермен қуғанды.  
Қазағымның ұл-қызына қарамай,  
Жаппай қамау, жауаптарға алғанды.  
Сүргін мен дүрбелеңі басталды,  
Сұрақ қойып арымызды жаншыды.  
Қанша түндер жылауменен өткізіп,  
Кінәміздің неде екенін таппадық.  
Түн соңынан күн шығарын білеміз,  
Боздақтарды еске алып жүреміз.  
Мұзда жанған «Алауларды» құрметтеп,  
Енді біздер рухыңа бас неміз!

### Қайдасыңдар «құйынның» құрбандары?

Желтоқсанның ызғарлы күні қатты,  
Түнек еді, арайланып тағы міне, таң атты.  
Қайраттай ерлеріміз жазықсыз жазаланған,  
Қайдасыңдар «желтоқсан» құрбандары?  
Қазақтың дара туған қырандары,  
Алатау қиясына қанаттанды.  
“Шындық» деп алашұрған жас жүрегі,  
Ақ қарда қызыл қанмен жазыды аты.  
Аттандап елі үшін құлаш ұрды.  
Қайтсем де әділдікке жетемін деп,  
Кеудені кернеген кәусәрдай сезімдері,  
Жалындап ерліктерге жетеледі.  
20 жыл содан бері өте шықты,  
«Құйынның» құрбандары болды мықты.  
Ақтаалып бар әлемге қазақ заты,  
Тарихта «Желтоқсан» деп аты қалды.  
Қалдырған үлгі-өнеген мәңгі өлмейді,  
Жас өркен әділдігін төрелейді.  
Желтоқсанда кеуделерін желге тосқан,  
Қайдасыңдар, «құйынның» құрбандары?!

Алма ҚАБЫЛДАҚЫЗЫ,  
Жараспай орта мектебінің мұғалімі

### Алғыс хат

8-ші қарашада Алматы қаласында өткен «Айгөлек» журналының 10 жылдық фестивалінің мерекелік кешіне Қазақстан Республикасының Журналисттер Одағы сыйлығының лауреаты, республикалық «Айгөлек» балалар журналының бас редакторы Қымбат Абиайдинаның шақыру қағазымен Құланөтпес ауылының менің қызым, 5-ші сынып оқушысы Ибрагим Инабат барған болатын. Осы атаалмыш фестивалге баруға жанашырлық танытып, көмек көрсеткені үшін «Құлан-Өтпес» ЖШС-нің басшысы Сыздықов Дәулеткеді, Сыздықұлына, зайыбы Сыздықова Светлана Қаятқызына, ауыл әкімі Сәрсенбаев Өмірзаққа, ауыл әкімі аппаратының маманы Смағұлов Азаматқа, мектеп ұжымына: мектеп басшысы Базылов Тасболат Қуанышұлына, оқу ісінің меңгерушісі Такишев Дархан Жанболатұлына, тәрбие ісінің меңгерушісі Түсіпов Жомарт Хамитұлына, мектеп мұғалімдері Аманжолова Жазира Бақыт Гүмайраға өзімнің аналық ризашылық алғысымды білдіре отырып және өзімнің анам – Аппасова Шәрбанға, бауырларыма, туған-туысқандарыма көп рахмет айтамын.

Әрқашан тілегендеріңді құдай беріп, өмір сүріңдер естен шықпас қызық көріп, көп жасап, қошеметті ата-әже болып, соңдарынан немерелеріңіз жүрсіңеріп.

Ігі тілекпен,  
Құланөтпес ауылының тұрғыны  
Жақыпова Сарқыт Атымтайқызы

### Тәуелсіздік тұмары

Желтоқсан естілесін өктемдіктей,  
Солақай саясаттың белгісіндей.  
Бес ғасыр «азаттық» деп аңсаған қазағым,  
Көтерілістің соңғы бір нүктесіндей.

Қазағым, мойымадың қатты емендей,  
Ата-баба қолдаған сені бірдей.  
Жастарым, көтерілдің төзе амай,  
Бойына қанат бітіп, от жалындай.

Сол күннің есте қалар ызғарын-ай,  
Көкейде қалып қойды, тәңірім-ай.  
Жастардың қол жеткізген ақиқатқа  
Баға жетпес, алтыннан да құндысын-ай.

Бағыт алған ақ жолыңнан тайсалмай,  
Қиындықта жасымаған жастар-ай.  
Тізгініңді оңайлықпен бермеген,  
Егемен елдігімің тұмарындай.

Жүрегімде жыр үні арбалады,  
Тірегім – жыр гүлдерім айналады.  
Елу елдің қатарына енсін елім,  
Жыр - әнім тек Қазаққа арналады.